

Талдықорған қаласының көп балалы аналарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 337 шешімі және Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 555 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 12 желтоқсанда № 5327 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Талдықорған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жеңілдік құқығын растайтын құжаты болған кезде қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) тегін жол жүру Талдықорған қаласының келесі санаттағы азаматтарына белгіленсін:

- "Алтын алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналар;
- "Күміс алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналар;
- "Батыр ана" атағын бұрын алған көп балалы аналар;
- I және II деңгейлі "Ана даңқы" орденімен наградталған көп балалы аналар;
- бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы аналарға.

2. Қаржыландыру көзі болып Талдықорған қаласының жергілікті бюджеті белгіленсін.

3. Осы бірлескен шешімнің және қаулының орындалуын бақылау қалалық мәслихат аппаратының басшысы Т. К. Бигужановқа және қала әкімінің орынбасары С. А. Байназаровқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен шешім және қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Талдықорған қалалық мәслихаты
сессиясының төрағасы
Талдықорған қалалық
мәслихатының хатшысы*

Ж. Нурлыбаева

Т. Ахажан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК